«Дәурені өткес». Қарт қеудесінің терең тұкпірінен шыңғырып шығып жатқан ащи үнді өншіре алмай-ақ қойдады. «Ей, дүние-ай!» дед күрсінді. «Байламы жоқ мынау дүниеге сайраны біткен пінденің жасар не қайраны бар?»

Жаңавы жабырқан, ілбіп келе жатқан қарттың алдынап құлдырыандай жүгіріп Тоқан шықты. Біраз жүгірген бе, ентігіп қалыпты. Деміне тұншығыш, сойзей алмай тұр.

— Эрең, арең,— деп сан қайталады. Ентігін басқап соң барын көсліп сөйлеп кетті.— Иттің баласын үстадым, Есеке. Енді бұлтарып көрсінші. Тырп еткізбейміш. Міне, міне!

Қалтасынан бір жапырақ қагаз алды да, қолы дірілден, көзәйпегін ззер киді. Содап соң қағаздаты жаузуды ежін-теп оқи бастады. Қөңілінің қошы болмай, тұнерін тұрган қарт оның сөзіне құлақ қоймады. Тыңдаи тұргаян кісілің сыңайын танытқанмен жаңын жегідей жеген азанты ойдың әсерінен толық арыла алмай мең-зен. Тоқашың ве деп тұрганың да түсінбеді.

— Енді дереу арыз жаазып, сотқа беру көрс. Кешіккесін ізін жасасырып кетеді. Пәктінің көрдіңіз гой, енді бұлтара алмайды, иттің баласы.— Ол екінші қалтасынан торғ бүктеңген қағазды шығарып, Есепге ұсынды.— Арыз

дайын! Майып тамызын, жазып келдім. Сіз қол қойсаңыз бітіп жатыр. Қалғанын өзім реттеймін. Тұп-тура Алматының өзіне жөнелтемін. Серіктің атын ауызға алғашын жоқ, Есеке.

Тырқылдан келіп күлсін. Қозәйнегіп қаласына салып жатып қарттың арқасынап қағып қойды. Соңан соң жалма-жаки қаламын ұсынды. Қарт оның қанталан кеткен шегір көзіне, қан-сөлгісін жүзіне жіркене қарап тұргаш күйі қагазды қақ боліп, лақтырып жіберді.

— Эй! — деді Тоқап шаңқ етіп. — Зашем бұл? Неге жыртасың?

Есек кетіп қалды. Тоқап айқайлаш қала берді.

— Білемін, бәрін де білемін! Сенің Ахметқалымен ымжымың бір. Құртамыш!

Есек тоқтагав жоқ. Сол екінімен Ахетқалидың болменіне кіріп келді. Есепді көрісімен ол ежелгі әдетімен трубкалы алып, «әләулай» бастанды. Сәлемдескен ыңғай таптып, әнтек бас шұлғып қойды. Қарт сол екінімен тарғышықты да, Ахметқалдың қолындағы трубканы жұзып алып, орынпа қойды. Мұндай батыл қымылды күтпеген бастықтың жүзі қызаарып шыға келді. Ашулавды. Оныңнан сездіргісі келмегендег столды шертіп, қартқа қарап, кекете мыре күлді.

— Тыңда! — деді ол даусын көтеріп. — Құлақ қойып тыңда!

— Ал тыңладың!

— Өзің жедіп, үздемедім. Отырған орынцап су шыңқаңдай колхоздың қаржысын шапып, даңғорадай үй салдырыңың, үздемедім. Бұл аздай қайып жұртыңа тасыдың, үздемедім. Енді келіп колхозды топ болып талауға кірестіңдер. Асқақтап қайда барасың? Араныңды неге соңша ашасың? Колхоздың байлығы әкенен қалғап дүппе емес, шырагым.

Ахметқали мыре күлді. Қөзіп шала жұмыш, Есекто мыскылдай қарап сәл отырды да:

— Бір кеәде сіз де бастық болғансыз. Қолыңызды біреу қағып па сіді? Қаққап жоқ. Сізді де білеміз. Перішто емессіз. ақсақал.

— Тоқтат! — деді қарт столды салып қалып. — Жақпа күйепді! Біз сендер сияқты нысапсыз болғамыз жоқ.

— Немепс, мұнда мені сабауға келіп пе едіңіз? Пожалыста, мен қарсы емеспіп. Сіздің қолыңызды қаңпаймыз гой. Біз сақал сыйлаш үйренігеміз.

Қартқа түнеге қарал, шалқайшып отырды. Әкаңғылай айтқанына көнілі толды білем, езуіне жымысқы құлкі үйірілді.

— Сыйлаганың осы ма? Қолыңа билік тиіп еді, қырыны кете жаздадың. Осы колхозды қолымен құрысқандарды шетке төтпіц. Төңірегіңе жебір, озбырларды жинап алдың.

— Серікті оудай деп ойламам едім. Ескерткенің дүрыс болады, қария.

— Сен мән шатастырма. Білемін сонің пигылышыңы.

— Ия, тагы не айтасыз?— Сағатына қарап қойды.

— Қараойта кетіп бара жатыр едім, қария. Шаруаңыздың тезірек айтыңыз.

— Асықпа, тыңда.

— Иә, айта беріңіз, құзатым сізде.— Трубканаң көтерді.

— Таста,— деді қарт қатулапып.— Таста андагыңыз.

— Маган не демексіа сонымен?

— Есілді жи, есірме деймін.

— Солай деңіз! Ә-ә!.. Дұ-р-ы-с!

— Барлығың қарын мен қара бастың әймәни ойлаган қаралуыңдар!— деді ол қүніроніп. Қатты ашулағандаң болар жылайтындағы иегі көмсесіңдер, екі қолы тағатасың дірілдей бастады. Нұры тайған жапарын Ахметқалыға тік қадап, сұрлапын тұрган шал аптығын сойлеғендікten алқылыми қалды.

— Қызығып жүргеніңіз мансап болса, ала қойыпшы. Біз далада қалмаспыта,— деп мырс күзді. Бірәк неге екенин, қабагы тұжырып қүйгелектене бастады. Тартасын ашып, ақтаруга кіресті. Қарт оның қолышың тағатасың дірілдеп тұргаптың байқады.

— Шырагым-оу,— деді даусыя жұмсартып.— Сопшалық құпыгатындағы неден таршылық көрін жүрсің? Еіреккезде біз қара тамқанға қат болып жүрсек те, озбырлың жасамап сідік.

— Сіз маган ертегі айтуга келдіңіз бе?— Ахметқалы: басып көтеріп, қартқа түйіле қарады.— Осы сіадің бұдан басқа айтарысың бар ма, қария? Қашан болсын осы. Менің колхозды топап жатқапымды қайдап білдіңіз? Әзде ерігін, іші пысып отырады деп ойлайсыз ба? «Ойнасан та біраз жерге бардық» демекші, сінді мүндай қылыштыңада қойыпсыз! «Шыдамың да шегі бар».

— Сен,— деді қарт сұқ саусағын безеп,-- шабалашып! Мен қорықпаймып. Одан да сол тыңда. Мен сені жаман

болсын демеймін. Сепсі еш нәрсе дәметпеймін. Менің жаңым өзім жынырма жыл басқарған колхозга ауырады. Қозім тіріде оның құлдыраганың көмесем деймін. Қолымнаш көлгөнше сөндерге көмектескім келеді. Маган кек тыныңың керегі жоқ. Еңбетімді бұлдамаймын. Жаман ойым жоқ. Тоқанышылау әркімнің қолыпаш келеді. Келгепіце екі жыл жана тоғы. Қылымыңа белшеңсін баттың да қалдың. Егер үстіңлеп арыз айтып барсам не болар еді?! Түсін, шырагым, түсін мені.

Бір қызарып, бір бозарып отырган жігіт орсынап атып тұрды.

— Айтыңыз! Қолыңыздан келсе атқызып жіберіңіз! — деп демікті. Есен сасып қалды. Оны дәл бұлай өршелешп оро тұра келеді деп ойламаган. Абыржығаны соңша — мыжырайған көңсे қалығын столдың үстіне тастай салды да қайтып алып, миңығына түсіріп басып киді. — Шыдамын таусылды. Сіз-ақ шаршатып болдыңыз. Ішіңіз пысса жұмыс істеді. Мұныңда ашыта бермеңдіз.

Ахметқали соғ осымен бітті дегендей асығыс ишипала бастады. Есеп үлкен әңгімете енді кірісердей қалығын қайта алып, столдың үстінде тастады да, жайланаңып отырды.

— Қызынба, шырагым, — деді даусын жұмсартып. Ашулапғаның сездіргісі келмегі. Пысынап терлем кеткен соң пальтосының омырау түймесін ағытты. — Мен сенімен үрсыеуга келген жоқпыш. Неге дауыс котересің?

— Асарыңызды асадыңыз, жасарыңызды жасадыңыз. Енді неге тыныш жүрмейсіз? Айтыңыңы, осы сізге не көрек?

— Тепсінбе! — деді қарт катулапып. — Егер бұлай тұлай берестің болсаң баратын жерге барамып!

— Сізден-ақ қорқа-қорқа өлөтін болдық қой! Неге шіреңе бересіз? Маган бір нәрсесізді откізіп қойып па едіні? Сіз кімсіз солша маған ақыл үйретстін? Оны ауылда шатдан көп шитең жоқ. Сіз солардан артық емессіз. — Ахметқали алдында жатқан кітапты діланға қарай лақтырып жіберді. Сонау соң Есенге түксіп қараң, тістепено сөйледі. — Тыныш жүріңіз. Егер тыныш жүре алмайды експең, маған ренжімейсіз.

Қарт ойын жинақтап үлгергенше болмеге Серік шіріп келді. Ахметқали оның бас-аяғын жіркешішті көзбел тін-тіп шықты да, теріс бұрылып кетті.

— Жоқ! — деді қарт орнынан атып тұрып. — Тыныш жүре алмайдың!

— Тыныш жүре алмасаңыз жұмыс істепі. Сен,— деді ол Серікке сұқ саусагын көзеп.— Экепді өз қарауыца жұмысқа ал.

Есен ауыз ашып үлгергенші Ахметқали бөлмеден шытып кетті.

\* \* \*

Серік әкесіне Ахметқалидың болмесіндегі біраң ауыр соң айтып тастанады. Есен осы өмірінде мұндай құйіпбес. Ұлы піттарын айтып болып, шығып кеткен соң құйзеліп отырып, көзіп жас алды. Егіліп отырып қадірін кетірген, на-мысып табапына салып таптап кеткен Ахметқалиға олердегі ыззаланды. Оны аямақта бекінді. Қарт колхоз предсе-дателінің болмесінен осыған дейін ойна алмаган, әлдекімдер тұртіпектегенмен батылы бармай жүрген іске бел буып шықты.

Тоқанды үйінен тапты. Қолы маймаңдап жазып отыр екен. Есеп оның не жазып отырганын білді. Қазаңын жа-сырып, әуре бола бастаған Тоқанга қарамастан малдағы құрып отыра кетті де:

— Қасырмай-ақ қой, не жазып отыргапыяды біле-міп,— деді күрсівіп. Тоқая ыржалақташ күлді.— Мен са-ған Ахметқалидың үстінен арыз жаңдыруга келдім.— Тоқашың көзі құлмендеп орынан атып тұрып, қалба-лақтады да қалды.— Ал жаз, мен білгендімді айтып отырайын. Бірақ өз жапырғав бірде-бір сөз қоспа.

Тоқан кеңілдей күліп, отыра қалды. Есен жүргешінің түкпірінде жасырып жатқан ащы шыныңдықты асықпай айта бастады. Тоқашың қолы маймаңдай жөнелді. Қарғ қайрап қалып отыр. Үш кластық білімі бар Тоқашың маржандай жазуыла сұқтана қарап, арагідік бас шайқаш-кояды.

Сол күні Есен қарттың осы өміріндегі жазған бірінші арызы Алматыға жол тартты. Қешкілік ұлына шиғын вайтты.

\* \* \*

Алақанына салып, аялап өсірген ұлынан осыны күтін пе еді. Жаныш жалдаш жүріп еңбек етсе, қара басының қамын ойлаган жоқ. Жалғыз ұл ешкімисен кем болынаса деді. Оқысмын, азамат болсын деп барын аямады. Жалғызын үшін отқо да, суга да тұсуге дайын еді. Серігімнен басқа байлығым, басқа қызығым жоқ деп ойлады. Бала-

бала дең жүріп осы жасына дейін пе қызыңқ көрді? Шырындаи ара түсіп жүре, ол отқа қашады. Қай әке ұлына жамандық ойнасып. Осыны пеге түсінбейді. Өстіп жүріп араңдайды бір күші. Енді міне, қайтып көрмestей көшкелі жатыр. Құпі ертең Ахметқали оны орга итереді де жібереді. «Байқа балам, соң наелеттен алыс жүр» дең сан қақса-ды. Тін алды ма? Қыюметін сол жоғарылатып еді, Ахметқалинга табышы да қатды. Соңда оған әке мен шешеден гөрі басқапың жақын болғап ма? Ендің базалары да осындаидай ма екен? Ило-жога! Энде, Әбдібектің балалары эмі күні әкемін аузына қарайды. Болашіп жеке кетсе де үжымдары берік. Бірін-бірі қарайласып, бала-шагалары сепің үйің, мепің үйім демей қойындастып жата береді. Кейде жүгіріп жүрген қара домалақтардың қайсысының кімнің баласы експіп ажыратса алмай қамады. Шешечтері басқа болғапмен бір-бірінсін етілдіп сыңарыпдаидай үқсайды. Қайсынаң құрасаң да бәрі әкесерін ауыздарыпа алмай «Әбдібек атамыңың баласымың» деп тақысдан тұрғалы. Соларды коргенде мұцайып қалатыны рас. Өз неымрелері штішеп кісікніп. Қанат қана еттеп іш тартады. Қішкепелеріп қойышы, тәйірі, өз кіндігіп жарагалап жалғызы ботенідің біндіріл, боле кесіп бастаган соң басқаларына реншін қайтаді. Шіркіп-ай, еді болмаса жағдайың айттың рүқеат та сұрамады-ау. Қорі қойдың жасындаш бір тұтам ғұмырың қалғапда қорлықты элештеп осірген жалғызынаң көрді. Қелінің тайранданы аз болғандай, үл шыгарды өщерді. Не жазын, ненея жақынып еді? Арызды күпдестіктен жағаң жоқ. Ахметқалига кекті де смес. Оның қылмысып көріп түрші шыдамады. Қай айттың көрді. түсінбеді. Манағысы апау.

«Мейлі,— деді ол кубірлен.— Мейлі, бара берсін. Білгени сол болса барсын. Шыққан мүйізін көрейші».

Осынай дегенмен Серіктің кошиң кетеріле сенгеп жоқ, машагысып ашумен айтылған сөзге балады да қойды. Қоқап-лоқысы дең ойлады. Бірақ жапы жабырықан, көңілі жұбашибады. Оны-мұвысып буып-түйін жүрген ұлына алайып бір қарады да, уп-түнсіз шығын кетті. Бөртсін ерттеді, содап соң бағдар-багытын ойланbastap атып мінді.

— Әкетай-ау, қайда барасың?— Үйден жүгіріп шыққап кемпіріне қараган да жоқ, тебіліп қалды.— Ибай-ау, мына балаң кеткелі жатыр гой. Қайда барасың?— Сәбира ауладап жүгіріп шығып, тағы айқайлады. Бірақ Есем

қайрылмады. Йүрісі опімсіз бөртені екі бүйіріне тепкіледі, қайта-қайта қамшылаш барады. Сабира оның ашулы екенін, өлдім десе де қайрылмасын түсініп, егіліп жылан қоя берді.

Былай ұзаң шыққан соң атының басын қалай бұрапып білмей тосылды. Әлденесі ұмыт қалғапдай көңілі үйіне ауыш, алаңдай берді. Еш нәрсесін ұмытпағанын белді, алаңдауышың себебі өзіне белгілі. Бір сәт көңілшектігін ызасы көнді. «Барсын, бара берсін» деді тістепіп. Кеңеттеп көңілі босағы, іштей өксіді. Бүгінгі жайты ұмытшақта тырысты. Бірақ кәрі жүректі баурап, біржола жаулаш алған мұң сейілмей-ақ қойды. Туган ұлы қансыған шөл да-лага жалғыз қалдырыш, қашып кеткендей бөтен бір күйге болендей.

— Эй, құрдаң, цегип тұрсың си? Жарысамысың өзің? Ха-ха-ха!

Есем жанына келіп тоқтаган жәңіл машинаға қараган жоқ, жаңаты даяуыстың, күлкінің кімдік екепін де жазбай тапсыды. Соңдықтан аты озғаш, аузымен құс тістеп жүрген мықтыға тұра қарауға қаймықты. Ол осы жолы слеусіа, ескерусіз жүрген көп көрінің біріне айшала бастагапын іштей мыйниадады.

— Пах-пах! «Ат арыса-тулақ» деп қазекең білгендей айтқап-ау. Ой, жарықтық, бөрте-ай! Бір кезде жүрттың қолы жетпес көлік еді. Енді міне, қарға адым жер мұң болып, жүрістен қалған.

Есем қаналяның тұргаяны сездіргісі-ақ келмеп еді, қалай күрсіпгепін өзі де аңғармай қалды. Абыржып атын тебиінді, бірақ басын томен салып, қалғып тұрган бортө қозғала қоймады.

— Оу, құрдаң, түссеңші атынан. Немепе көрген-бақ-қашың осы мәстек ие? Жүр, анау колеңкесе отырып біраз шер тарқатайтың. Сағап айтатын әңгіме бар.

Әбдібек осылай деді де Есениң аттап түсуін күтистеш қол созымдағы тереккес қарай жүріп еді, бөрте оның соңынан іlestі. Тізгін тартуга, аттың басын бұруға қарттың шамасы келмей-ақ қойды. Алдында алшаңдалап кетіп бара жатқаған Әбдібектің күнкірейшеп жөлкесіне көзі түсті. Өз-өсінен қысындып, дегбірі жоғалды.

Әбдібек теректіп саясана барып, кок шөптің үстінен малдас құрып отырды. Есем атынан сүйретіліп зрец түсті де, оның жанына жайгасты.

— Ауданга барып, әлгі озіңде айтқап әйелді көріп, тіл-

десіп қайттым. Бір үйге ше болатындаи неме сікен. Байы оліп, жалғыз қалыпты, байгүс. Жалғыз басты кісіге тіршілік ету одаі деймісіп бұл заманда. Құдай амандығын берсе, келесі жетіде барып, алып келеміп. Тұystарға, достарға салмақ салсам ба деген ойым бар. Сырт қозға ауқатты корінгепмен біздің де жай белгілі. Неге үндемейсің?

От томен қарап, қамшысының сабымен жер шұқын, ойланып отырган Есепді тұртіп жіберді. Қарт солк етіп, құрдастына жалт қарады.

— А, немене?

— Өзің қияли болып барасың ба, қалай? — Есен жарап қайтарған жоқ. Әбдібек оған қарап біраэ отырды да әңгімесіп жалғастырды.— Немене сен Ахметқалидың үстінен арыз жазғапбысың? Мұның қалай? Ұят емес пе? Енді қартайғанда тыныш жүріп, жаңыңды бақпаймысың. Жаңа кезіңде бәрі де жарасады. Ертең тексеру келеді де Ахметқали байгүсты шырылдатады. Жұмысы жайына қалады. Оның да бала-шагасы бар. Ботен емес, осы ауылдың баласы. Осы екеуміздің кімнің ішіп, кімнің жеп жатқанында шаруамыз қаша? Қопарып тексерсе жазадан Серік те құр қалмайды. Ақыры келіп өз баланды өзің үстап берген болып шыгасың.

Әбдібек ұзақ сөйлемді. Өз ойымен әуре болып отырган Есеп оның сөзіне бәлленді мән бермегі, сондыктан бірін түсініп, бірін түсінбеді. «Кетпейді, кете алмайды» деді ол әлден уақыттан соң күбірлеп. Аузы көпіріп сөйтеп отырган Әбдібек оның бетіне таң қала қарады. Есеп орнынан үйлдам тұрды да, атына мінді.

— Эй, қайда барасың? Мыпау жыныды ма озі?

Есеп қайырылған жоқ. Аяғы санаң басқан бөртені борбайлатып келіп қамшылады. «Кете алмайды, икібермейміп» дег тістене дауыстап, бөртеві екі бүйіріне тспкіледі ай келіп. Машина бажылдай бастады, бірақ ол үлкен жолдан шыққая жоқ. Әбдібек терезеден басын шығарып айқайлады, қарт бүрүлмады. Жеңіл машнина айналып отіп, оны қалып шаяға көмді де кетті.

Бөртені тепеңдегіп үйіле келді. Серік жоқ, немерелері көрінбейді. Үйге бір кіріп, бір шығып, егіліп жылап Сәбира жүр. Даңғарадай торт бөлме қацырап бос тұр. Болмелерді аралап, сыртқа шыққая қарт дәрмені құрып, табалдырыққа отыра кетті.

• • •

Шал мен кемпір кірпік іліндіре алмады. Сәбира түннің бір уағына дейіп сыртқа шыққыштаи, мықтап мазасынанда. Орина келіп жатқан соң да тыныш алмай қойды. Ит үрсе де, сиыр мөнірссе де, әлдебір дыбыс естілсе де орпынаш атып тұрып, терезеге жүтіреді. Біраздан соң орина келіп жатады да, Серігішің кетіп қалғанып, жұрттың табасына ұшырагашын, ендігі күнінің не боларын айтып, сұңқылдаپ сойлей бастайды. Есендеги жоқ. Үсіз жатқаны болмаса оның да жайы мәз смес, ойыша қай-қайдагы оралады. Аратідік қеудесі ортенип бара жатқандай ауыр ауыр қүрсінеді. Кемпіріне ашулы, басқа уақытта болса ақырып, тынып тастан еді. Өзіпің ківәлі скенін іштей мойындаиды, сондықтан үндемейді. Қызыбалықсан арыз жағашына палиды. Жалғызына бір самұрық құс шүйіліп келіп қалғандай жапы түршігеді.

Сойлеп-сойлеп шеріп тарқатады алмаған Сәбира, енді келіп шалға тікелей шабуыл жасауға кіресті, айтпаганы қалмады.

— Сен алжығап тыныш жүргендес Серікжан кетпес еді. Енді қартайғанда темтеңдеп жұрттың үстіңен пәкі жинаң, не табамын дедің? Жұрттың жегеніп, ішкенін аңдығапша өлмейсің бе?! Қане, сондагы шыққан мүйізің, қане, сондағы тапқап табысың? Үкімет саған не берді? Корерміз арыз жағаннан ұшпаққа шыққанды. Өзіңе жақсы болса қартайғанда екі тізеңді құшақта да жат. Ертең мен де кетеңін! Сорыңды қайнатып, кетемін де қаламыш!

— Эй, әкең өлгепдей неге сұңқылдай бересін? Жетор! — деп зекіді. Сәбирапың даусы кілт тыныды. Жастығын дұрыстап жата кетті де, пысылдаپ жылай бастады. Конілі қайта бұзылды, кемпіріне ұрсарап да, жұбатарып да білмей қысылды. Басын көтеріп, үн-тұнсіз біраз отырды. Сәбира қояр болмаған соң кініп сыртқа шықты.

Түннің тацга ұласар шагы. Жұлдыздар сиреген. Қарақек аспанның түсі оңа бастаған секілді. Бөгде үн естілмейді.

Ауладан шығып, Серік кошип кірген үйге көз салды. Үйдің иобайы қарауытын көрінеді. Шалдың жүргегі сазын, жекеліл қурсінді. Серіктің үйіне барып қайтқысы-ақ келді. Бірақ әлдебір сезім аяғына тұсау болып тұр. Ол аяңдан кеңсеге қараї жүрді. Үйден біраз ұзақ шыққан соң тоқ-

тәп, Серіктің мекеп жайына бұрының қарады. Ұзақ түрді. Біраңдаң соң жебей басып солай беттеді. Үйге жақындаған қалған көзде алдынан Ақтос абалап үріп шыға келді. Қарт селк етіп тоқтай қалды.

— Қой, Ақтөс!

Ит опы таптып, еркелей бастады, арасалашып келіп Есениң тосіне қарғыды, сонаң соң жата қалыш, қыңғылай алғып түрткілеуге кірісті. Қарттың көнділі босал, алғымына жас тығылды.

— Сені де байлап үстамақ па бұлар?! — деді күңіропін.

— Сені де қимады-ау бізге.— Құбірлөп сойлемеп жүргіп Ақтості босатты.

Ит арасалашып келіп, қарттың кеудесіне қарғын еді, ол жығылып қала жаздады.

— Қой, Ақтөс, қой енді! Менде сенімен ойнайтындаи хәл қалған жоқ.

Кешегі Есен жоқ бүгін. Қүйің кетсе сыйың да бірге кетеді скеп. Кеше қалдай едім? Осы жүрттың қалаулысы едім гой. Қазір күнін саянап жүргең бейшара шамын. Отқа айдасаң боққа қашады деген осы. Тәлірім-ау, қайсы өке баласыша жамандық ойтайды?! Мен сорым ұлым абайсыз арандаң қалмасып дең жүрсем... Нисті бұзың болмаса ол меші түсінер еді гой. Алыр-ау, мен оны қаршадайынап жақсылыққа, кіслікке баузыған жоқ на едім. Соңда езберімнің далаға кеткені ме? Соңымда еш белгі қалмайтын болғалы ма?— Осы көзде Ақтос абалап үріп, орынан атын түрді. Есен де үйден біреу шығып қалды ма дең жаңт бұрылды, құлагына мысықтың милюы талып естізді. Ит дауыс шыққан жақта жүгірді. Қарт Ақтөс қайтын оралғаша ойланып отырды. Ит қайтып келіп, манағы орынана жатқан соң құбірлөп қайта сөйледі.— Елдің байлығына қорымал болғанын үшін жазықтымын ба?

Шал кесеңдең, сөзін алқатай алмады. Ит те бір нәрсе сезді ме, тұмсығымен Есениң аяғын түрткісін, қыңғылай бастады.— Кішкене отыра тұрайық. Серік пеп Қават екеуінің біреуі түзге отыруга шығып қалтар. Қанатынды құшатыма қысып, бетінен сүймесем, үйқым көтер емес. Сабира да жетісіп жатқан жоқ. Қайтейін-ай!— дең көзіңо жас алды. Жасып жеңімеп сүртіп, Серіктің жаңа үйінің терезесіне қарап ұзақ отырды.— Олар менің мұнда отырғапымды қайдав білсін. Білсе алдеқашан жүгіріп шығар еді гой. Қанатжан жаман атасын сагыншып қалғал шытар.

Есеп қарт Ақтосек шының, сырның айтып, көп отырды.  
Таң қылаң берे сүйретіліп үйнене қайтты. Ақтос бірге  
келді.

\* \* \*

Таң атқан соң келіп, агаттығын мойындаш, кешірім  
сұрап деп ойлаган. Құткен үл келмек түгіл, қарасын да  
көрсеткен жоқ. Қарт ашуланды, күйінді. «Барып келе  
қояйын» десін иелшіліп, салтаатқа барадаң киінес баста-  
ған Сабиранның жібермей қойды. Қемпір жылаң алды. Қарт  
түске дейін шыдады. Қемпір қайнатқан шайдан бір кесе  
ішті де, сыртқа шықты. Әрі-бері қыдырыстап біраз жүрді  
де, атын ерттегі мінді. Сонан соң ұлының жаңа үйіне қа-  
рап біраз тұрды. Әудемдея соң аттың басын солай қарай  
бұрды. Екі ара жақын болса да атқа неге мінгепін өзі де  
түсінбейді. Қөнілі қобалжып, бей-жай болыш келеді.

Серіктің жаңа қонысына жақындаш қалғапда тізгіп  
таргы, аяқ астынан оялғап жасқавашақ сезім кәрі жүргегіп  
бүріп алды. Беті дуылдап, өзінен-өзі сасқалақтай бастады.  
Аттың басын бұрып, теңірек кетіп қалғысы келді. Осыл  
кезде үйдея Қашат шықты.

— Қанат, құлыпым! — деді қарт қемсендес. Немерсі  
оның даусын естіген жоқ. Ол жан-жарғыша жалтақтап қа-  
рап, сәл тұрды да, Есеп қартқа тұра жүгірді. Қарт атынан  
домаланып түсіп, немерсіне ұмытылды. Жүгіріп жеткен  
Қаватты құшақтай алды, құшырлана қысты. Қөзінен ақ-  
қап жас сырғапап барып сақалына сіпіп жатыр.

— Құлыпым-ай, атаңды сагынып қалған екенсің-ау! —  
деп күбірледі даусы бұзылып. Қанат атасының құшагы-  
наш босапын шықдаш соң бертеге жүгірді. Оның бар  
мақсаты — атқа мініп, әрі-бері жүру. Аяғын апым-тапын  
басқалы бері атасының алдына міпш үйренигсп. Басып то-  
мен салып, үпсіл тұра беретін жуас бертеге үйріск. Есеп  
де немерсіп қасынаң қалдырыған смес. Орнынан тұрган  
соң «ата, қыдырып келейік» дегу Қанаттың әдетіне айнал-  
ған. Сөзі де қызың, атасының басын қатырып қайдағыны  
сұрайды және апасы мен атасына сліктең сөйлейді. Ойнаң  
жүріп жығылни қалса, немесе көршісінің баласымен төбе-  
лесіп қалса үлкендерше тілдейді. Бұған шешесін қүйіп-пісіп  
баласының бейауыз болып бара жатқанын айттып, ашула-  
нады. Шамасы келсе Қанатты шалдың маңына жуытқысы  
жоқ. Бірге жүргеніп көрсө әрпені сылтауратып, шақырып  
алады. Жеке қалғанда шал-кемпірдің жасына жоламау

туралы «үгіт» жүргізеді. Баланың аты бала емес де, бір құлагыван құйсаң екінші құлагынаң ағып кетеді. Шешесінің сезіне бас шұлғып, сыртқа шыққан Қанат атасына ілесіп, әлдесқайда кетіп бара жатады. Мұндайда Мәрзә ашудан жарылып кетсе жаәдайды. Ашуы қайпаганмен амалы жоқ, іштей тынады. Бөлішіп шықты да құдайы берді. Бүгінен бастап Қанаттың тәрбесін мықтап қолга алмақшы, шал-кемпірмен байланысын біржола үзбекші еді...

Қанат атасына еліктеп қақырышып, түкірініп алды да:

— Ата, қырманға барып, жұмыскерлердің жағдайын біліп қайтпаймыз ба? — деді маңғазданып.

— Айналайын! — Еміреніп немересінің бетінен сүйді. Сонау соң алдына мінгіладі де, аттың басын қырманға бұрды. Қанат бірден тізілгеге жармасы, абыржулы, асыгулы. Тебішіп, тізінді жұлқылай бастады.

— Мамам көрмей тұрып кетіп қалайық.

— Немене, қорқасың ба?

— Ол жібермей қояды.

— Неге?

— Сол.

— Солы қалай?

— Ата мен апаға жақындаға деген...

Осыдан кейін екеуі сойлескен жоқ. Қарт келініңдің шынын түсіпді. Мәрізапың қылығына іштей күйзелді. Жалғыз ұлдың бұзылуып, ай-шай жоқ кеше жөнелуін келініңен көрді. Егер келінім басқа адам болса, Серік қанша туласа да мұндай характеристке бармас еді деп ойлады. Мәрізаны алғаш көрге де жақтырмaganып есіне алды. Ұлының бір көрген адамын атып, жетіп келгеніне қарсы болғанимен кедергі жасауга, бағын байлауға батылы жеңілді. Серіктің көзсіз тәуекел жасауына өзім кінәлімін дең ойлагая. Кейде бір «сол жолы жишақ кассасына бармасам қара қызы келінім болар еді» деп ойлац, қатты күйінеді. Қазір де өмірлік үлкен қателік жағеріп алғандай күйде. Алғаш түскенде кемпірі Мәрізапың асты-устінен түсіп, еніп қала жаәдаган. Сәбирага кім болса да бәрібір еді. Шалдаңың күдігі расқа шықты ақыры, келінің яғыз кержалцаудың өзі екен. Бірақ жалғыз ұлдың іөңілі үшін оны шалда, кемпір де жаны қалмай сыйлауға тырысты. Есеп «қарагым» деуден, Сәбіра «шырагым» деуден жазбады. Құні бүгінгө дейін қос көрі оны келін деген емес. Ұлдың тапқан-таянғаны да ерке келініңпің кім-кешегіне жұмсал-

ды. Үсті-басын түзеп алған соң табысын қымбат дүнипсө жұмсай бастанды. Олар бұған да көнді. Қарт пенсиясын келініне әкеліп беруді әдестек айналдырды. Жасынасын, қатарының алды болып жүрсін деді. Мәриза үй шаруасына қол үшін тигізбеді. Шал мен кемпір оның мұнысына да мән бермеуге, бар істі өздері атқаруға тырысты. Жас немесе гой, келе-келе бастығады деп ойлады. Сөйткеп келівдерінің көрсеткелі ақыры, міне, жалғыз ұлды боліп аллып кетті. Енді қос көрініп оған деңгі көңілі жібісіп бе?! Мәризаны жалғыз үл мен немерелері үшін қимаса да бұрынғыдан сыйласа алмасы анық.

— Ата,— деді Қанат қырманга жақындаш қалған кезде.— Сен қашап өлесің?

— Тек! Не дейді?..— Қарт шошып қалды.— Не деп келесің өзің?

— Мамам сені жақында өледі дейді гой. Шып ба, ата?

Есеп сели етіп, немересінің қолындағы шылбырга жармасы. Солт етуді ұмытып бара жатқая карі жүрек ал келіп дүрсілдесін. Екі қолы қалтыраш, шылбырга не бола алмай-ақ қойды.

— Ата, сен өлсец бортені колхоз алыш қоя ма?

Есеп оның не дегенін түсінген жоқ, түсінетіндей де халде емес еді. Коцілі босан, іштей егіліп жылап келе жатқан ол тіпті Қанаттың соңыла бүрілмақ болып аттан үшып кете жаздағанын да апгарғап жоқ. Екі көзін сепгір таудың басындағы мәңгілік мұзға қадап, мізбақтай сұрлашып отыр.

— Ата,— деді Қанат оның жеңінен тартқылап.— Мениң үйге барғым келмейді. Бүгін үйге қайтпай-ақ қояйықшы. Макұл ма, ата? Тұнде қашып кетсейін деп едім, мамам ұрды. Сонау кейін тосекке байлап қойды. Мен көп жылады. Байлап қоймаса, тұнде, олар үйкітаганда қашып кетер едім. Ата, сен неге мені алыш кетуге келмейді?

— Шал үндеген жоқ. Қанат оның жеңінен жүлкелай бастады.— Ата, сен неге үндемейсің? Ата деймін!..

— Ия, пя!— деп күбірледі қарт.

— Папамды соттатқың келгені рас па, ата?

— Ия, құлныым!— деді ол немересінің сөзін түсінбей.

— Мамады дұрыс айтады.

— Нені дұрыс айтады?

— Мамаңың айтқанының бәрі дұрыс.

— Папамды міліса алыш кетсе қайтеміз?

— Оны кім айтып жүр?

- Мамам айтады.
- Мен тірі тұрганда Серігіме ешкім де тиісе алмайды.  
Өліп қалсам амал жоқ.
- Сен елмейсің бе, ата?
- Иә, құлыным, етмеймін!..

\* \* \*

Атасы мен немересі үйге келгенде Мәрила бүкіл ауылда дүрліктіріп, Қанатты іздел жүр скен. Бұлар келгенде Сәбіраға әлденелерді айтып, тепсіпіп тұрган. Өңі түтігін, шашы қобырап кетіпти. «Мына шіркія жұмысқаннаи сау ма?» Қарттың бойы тіксінді. Зар еңірец жылап тұргаш кемпіріне көзі түсті. Қері жүргегі әлдекім біз сұғып алғандай шым ете қалды. Адуыш шешісің таяғы арқасына қатты тиғен Қапат шырылдан, атасының тасасына жасырывиды. Қарт келініп миша түріпен секем алса да, қапта жөпелуді ар санаң, немересіп жұбытап әуре.

— Қашып кетейікші, ата.

— Қой, құлыным, ұлт болады. Тамагынды іш, соман соң шошқасерге барып қайтамыза.

— От мені алып кетеді гой, ата.

— Алып кетпейді.

Есіктің алдына келіп, аттан түсті. Қанатты кетеріп алды. Жүгіріп Мәриза жетті. Қолында солқылдақ жас шыбық, қабаты түшеріп кеткен, атасына оқты көзіп қадап солтүрді да, Қапатқа үмтыйлды.

— Сен жүгермек, телім-теліміп шығып, төлтіреп қайда жүрсің? Атта әкесінің басы қалып па еді? -- Қанаттың тірсегінен осын жіберді. Шыр ете түскен бала атасының құшагына тығылды.—Бүкіл елді дүрліктіріп... Ит, шошқа! Сенел-ақ көресімді көрдім-ау!

— Қой, шырагым, баланы шошытпа.

Мәриза опың сезін құлатына қыстыргал жоқ. Қапаттың жағасына жармасты. Қарт не істеріп білмей кемпіріве қарады.

Ебіл-дебіл жылап, сілейіп тұрган Сәбіра немересін арасшалап алу керектігін енді түсінгісідей кезініп тұра үмтыйлды.

— Ұрма баламды! — Мәризаның қолына жармаса кетті.— Жүргегін үшірасың баланың.

— Ендіті қалғапы осы бала болса, қуырып жеп, мұраттарыңа жетіпдір! Өз баланды сыйдырмап еп өзгенің

баласына емірепін егіле қалыпсың ғой бүгін. Жүр ей бері, сорын! Жүр үйге!

— Бармаймыш, бармаймыш! — Қанат шыр-шыр етіп, атасының мойнынан қалсыра құшақтай алды.

Мәриза жолын бөгеген кемпірді итеріп жіберіп еді, ол тәлтіректеп құлаап қала жаздады. Соңаң соң шырылдаپ отырган Қанатты жағасынан үстады да, тартып қалды. Жейдесі дар етіп айрылып кетті. Қарт ашуланды.

— Әу, қарагым, қой енді! Ең болмаса сақалымды сыйласаңшы! — деді дауысын қатайтын. — Немене олтіремісің түре! Тигізбе балага қолынды!

Бірақ келішің бетіне тұра қарай алмады. Әдепкіде «қатты айтып қойдым ба» деп қысымын қалды. Сасқанып пемересін құшақтап, теріс айпаңды.

Мәриза қатты ашуланды. Жүгіріп келіп, кольша жарнақсан енесін аяған жоқ, игеріп құлатты.

— Ойбай-ай, өлдім-ау! — деп айқайнады ол. Қарт жалт бұрылып, құспап жатқан кемпірін көрді.

— Баламда жұмыстарың болмасын! — деп бажынадады келін. Бұдан арыға Есениң шыдамы жетпеді, қабагы түнеріп, тепсівіп тұрган келініне тұғғыш рет тік қарады.

— Қой, қа-а-р-рагым! — деді тістепіп. Бірақ Мәриза ық-қап жоқ, атасының мойнынан тас қылыш құшақтап, шырыладап тұрган Қанатты көк желкесінен түйіп жіберді.

— Жүремісің, жоқ па, иттің баласы!

— Қырамысың, қар-рагым? — деді қарт дыңтансып, келініп екінші рет көтеріле берген қолын қағып жіберді. Мәризаның түгі сыртына тепкен жүзін нарттай болып қызырып кетті. Қарт әбес қылғыгына қысылып, «бара ғой, құнымын» деп Қанатты жерге түсірді.

— Бармаймыш, бармаймыш!

— Иттің ғана баласы-ай! Үйге барған соң бұышдырып олтірмесем бе сені!

— Бар! — деп зекіді қарт пемересін. — Жогал!

Қашат шешесінің қолынан сыйсылып шығып, атасына қашты. Қарт әдепкідей құшақ жоқ қарсы алудың орнына шапалакиен салып жіберді. Оның даусы кіلت тыйылды, жүзі бозарып шыға келді. «Мұның не, ата» дегендей тік қарады. Есени теріс айналды.

— Өз баласын аямагап адам сені қайтсын. Жылама, шырагым. Құдайдала жетсін! — деп Мәриза ұлын жетелей жонелді. Қарт қозғалған жоқ, бұрылып та қарамады. Келіші мен пемересі үзап кеткеп соң кемпіріле зекіді:

— Сүрт көзінді! Ешкімге құпімізді қаратпасын!

Сәбіраның соңынан озі де үйге кірді. Түпкі болменіп босағасынан аттай беріп теңселіп кетті. Көзінің алды тұмандашып, басы айпалды, жүргі қолмен қысқаңдай ауыра бастады. Қарт қорқып қалды, бірақ кемпірін шошытқысы келмеді, қабыргаға сүйеніп біраз тұрды да, төрғі бөлмеге кірді, әрең деген тәссікке жетіп құлай кетті. Коргенсіз келіп-ді жерден алып, жерге салып жүргесін Сәбіраның даңғазасып жақтырмаса да «қой» дей алмады. Бір ауыз сөзге шамасы келмеді. Қас иеп көздін арасында әлі кетіп, сұлқ жатып қалғанын жамандыққа жорып, қауылтene бастады.

Бұл дүниеде өзіне тиеселі қызық қалмағапдай, сезім—түйсігін біржола жогалтқан одамдай сұлқ жатты да қойды. Бұл көпкі созылған жоқ, біразда соң үйқыдан онығандай көзін ашты, орнынан тұрмақ болып қармалып еді, күші жетпеді, тағы да талпынды, басын көтеруге ғана күші жетті. Дауыстап еді, Сәбіра естімеді.

— Баламың басын айналдырып алды бұл қатыл. Әйтпесе Серігім ата-анасынан бесетін бала ма еді. Қайтейн-ай! — деген сұңқылдады ол қарт жатқан болмеге кіріп келе жатып.— Жалғыз баладан тірідей айырылып, жер басын жүргенше өлгесін жақсы еді. Ауыл үй отырып, оз ішімпен шыққан баламың үйіне бас сұға алтамаймын. О, сұмдық!

— Құлымым-ай! — деді Есев кемсеңдеп. Сәбіра оның дауысын шала естіп қалып, жалт қарады. Қарт жағағы сезін таты қайталауды. Дауысы қысылып шықты да, кемпір оның сезін түсіне алмай қалды. Жақындал келіп үцілгенде барып байқады, Есениң оци бош-боz, еркін кезеріп, ентігіп жатыр.

— Ойбай-ау! — Сәбіра бұдан басқа сезге келмей үйдес жүгіре шығып, ауруханага қарай құстай ұшты. Қарт бұрын да осылай жатып қалатын. Ондай кездес Серікті жүгіртіп жіберетіш. Бұл жолы озі барып, дәрігерді ертіп келді.

Күн бесінен ауыл алың-жұлдызы болып, еңірспи жылап Әспет келді. Сәбірапып ауырып жатыр дегеніне қарагап жоқ, алдынан шығып еді, кеудесінен итеріп жіберіп, Есев жатқан болмеге баса көктеп кіріп барды.

— Бір нәрсені тындыргандай болып жатырысың ғой шалжыны! Тұр, кәне! Дүйсесін қиналышп жатыр, аудап-нып лектіріш алар. Анау иттің балалары менің сезімді сез екен демейді. Дүйсесін ауырып жатыр десsem, пауқан бітсін дег бастарын ала қашады. Балаларымың барлығын егініне алып кетті.

— Ибай-ау, ауырып жатыр гой. Тұруға болмайды,— деді Эспетке ілесе кірген Сәбира.

— Эй, әрі тұршы езің біздің қара шыбыш құсанай! Мұның жашы жап да біздікі немене екен сонда?!

Қараң қал, салдақы! — Сәбираның қеудесінеп птеріп-итеріп жіберді. — Тұруға болмайды дейді гой маган. Орынан тұрса баласы түсіп қала ма бұл қақпастың?

— Жүргегі ауырып жатыр дейміп.

— Мұның жүргегі жынына бір рет ауырса біздікі күн саімын ауырады. Сонда да қыбырлап, үкіметтің жұмысын істеп, кеңесін күзстіп жүрміз.

— Әбдібекке бареаңыш, машинасымен зыр еткізіп апарын келе койды,— деді Сәбира. Эспет шап ете түсті.

— Әбдібек дейді гой маган! Әбдібекің құрысын! Ол шошқадан туған Дүйсенім олай-бұлай болып кетсе де тонырақ салуга келмейді. Мейлі келмесе қойсын, келмегені жақсы. Тұр ей бол! Қашанғы жатастың тұралап? — дед Есениң жағасынан алың, бір жұлқызы. Сонан соң ишгынан оңдырмай нұқып жіберді.— Тұр, кәне!

Есен сүйретіліп орынан тұрды, жүгіріп келіп, қолына жармасқан Сәбираны қсудесінен жайлап қана итеріп, ары тұр дегендей ыңғай таптыты. Сопан соң асықпай кийіді, Эспеттің қатты сөздерінің біріне де шамдаған жоқ, сенікі дұрыс дегендей бас шүлгумен болды. Кийініп болып, сыртқа шықты. Эспет бір іэрслерді айттып, үйіп кетті. Есен үн-түнсіз жүріп, бергені арбага жекті. Оның қылығыша кемнір түсінбей дал. Қозі багжандап, есік алдында абдыран тұр. Қарт арбаны ауладан шыгарды да, ісінен қалмай жүрген кемпіріне тіл қатты:

— Арбага жұмсақтай көрпе тесе.

— Экем-ау, арбамен апармақшымысың? Колхоздан машина алсаңыш. Өздері де апарып тастай салады гой? Саган не бар?

— Мен ешкімге жалынған емеспін, жалынбаймын да.

— Сен жалынбайсың гой. Бір ауыз айтсаң...

— Сөзді көбейтпе!

Сөз осымен бітті. Сәбира үйден кіз және екі-үш төр көрпе алғып шығып, арбага теседі. Сонан соң Есениң қолтығынан демеп, арбага отыруына көмектесіп жіберді.

— Мен-ақ апарып салайын да.

Есен ләм деместен делбені қағып қалды. Сәбира біраз жерге дейін ілесіп келіп, қалып қойды.

Серіктің үйінің түсінән етіп бара жатқанда қапша қа-

рамайши дегенмен екі көзі еркіне багынбай-ақ қойды. Есіктің алдында ешкім жоқ, көзі терезеге түсті. Өзіне тессінде қарап Қапат тұр. Бұрынғыдай емес, бетен адам сиқты, жүзінде жылу жоқ, сүлесөк, сұзық. Ар жақтан шешесі дауыстады-ау дейміп, ол кетіп қалды. Әлдекім терезенің нердесін түсіріп жіберді. Қарт ұзаң барып тағы қарады, Қапат екінші терезенің алдында тұр екен. Есениң жүргегі еликіреи кетті.

\* \* \*

Дүйсен қатты қпиватып жатыр екен. Есек кіріп келгенде исаып қоярга жер талтырмакан қышалыстап арашалып алар адам келгендей көзіне жас алды, бір түрлі ыщақынгандай дауыс пығарып, қолын көтеріп, ерніп жыбырлатты. Оның пе дегенін Есен үрқап жоқ. Ол бір гапа нәрсеені — құрдасының қатты қышалып жатқапын түсіпді. Қаша қышалса да өзге түгіл, еді жақын адамына жалына қоймайтын діні қатты Дүйсененің көзіндегі жасты көріп, бойы тікінди. Оның көзіне тұра қарауга именіп, теріс бұрынды да, зар иясп, ерсілі-қарсылы жүргіріп жүргеп Әспетке бір нәрселер айтып, күбіраей бастады.

Дүйсенді мына күйінше он шақырым жердегі аудан орталығына жеткісі алмасын. Есен білді және оны жатқызың қойып, қарап отыруға болмасып түсіпді. Дәрігерге жұмсақ қоятын адам да жоқ. «Дәрі құйса, оның қуаты қайтқаңша ауданга жеткізер едім» деп ойлады. Дүйсененің қолып ұстап кішкене отырды да, сыртқа шықты, сонан соң дәрігерлік пунктке қарай бұкышеңдеп жүгіре жөнделді.

Қайтың келесе Дүйсен сұлж түсіп жатыр екен. Түсіндеған шүберектей болыш кетіпті. Әспет зар жылап, басында отыр. Дәрігер көліншек шошып кетті.

— Бол, айналайын, болшы епді! — Дегіріп жогалған Есеп ем жасардай келіншектің қолындағы сандықшата шармасты.

— Былай тұрыңыз, ата.

— Айпалайын, айпалайын! — деді Әспет шырылдан. — Бір жерін ауыртып алмашы.

— Былай тұрсаңыз, ойбай-ау! — Есеп шыдамай ақырын жіберді. Бір ауыз қатты сез естісе, жүлкынып шығы келетіп жынды кемнір бул жолы ләм деген жоқ, сүйретілін орыншап тұрды да, теріс бұрынтып кетті.

Дәрі құйтап соң Дүйсен көзін ашып азды да, қайта жұмын, бір сөттік рақатқа мас болғандай тым-тырыс жатты, Әудемин соң су сұраң ішті.

— Шыратым, Дүйсенді арбага салысып жібер, біз жүрейік.

— Арбасы нессі?

Ешкім жауап берген жоқ. Дәрігер қайталан сұрады. Тагы сол үнсіздік. Үшінші рет қайталан сұрап еді, Әспет шақ ете түсті.

— Сен, қарац қалғыр, не деп сандалып тұрсың? Нер түбіндеңі мәктірге Дүйсенімді жалу барсын дейсің бе ешді? Нистінің бұзығын мынаның!

Дәрігер қызарып кетті. Бір тобы жабылып жүріп та-лықсып үйіктап қалған Дүйсепді арбага жатқызды. Дәрігер арбаның қозғалып кетуін күтпестеп колхоз кеңесіне қорай жүгіре жөпелді. Есек делбені қогып қалды. Жүрістен қажып, қалжыраган Борте аягын сапаш басып, алға жылжыды.

Өснег ауылдың шетіндегі доңғе дейін ілесіп барды да, сол тұста қалып қойды. Осыдаш отыз алты жыл бұрын ол майданға аттанғандарды осы арага дейін шыгарып салғап. Балалары әскерге жүргендеге осы тобеге дейін ілесіп келген. Киссі бар деп қастерлейтін тобенің басында бұза жолы да қалып қойды.

Арба бірте-бірте үзай берлі. Әспет тобенің басында арбаның соңынан төлміре қарап, етіліп жылан тұрды. Жүргіппілер үзай-үзай көзден таса болған кеәде, ол даланы басына көтеріп тұра жуғірді. Қынды кемпірдің ку жүрегі бір сұмдықты сезді.

\* \* \*

Ертесіне Серік әкесінің денесін машиналамен атын қайтты. Шықылдақ есқі арба аурухана ауласының бір бұрындыда қалған, ал Борте үшты-куйлі жогаңды. Оны іздеғен адам болған жоқ.

Есепді бұқіл ел болып арулап жерледі. Бейіт басында Ахметқали бастаған бірнеше адам күйизелің тұрып, тебірсілісті соғ сойледі, ардагер қарттың колхозга сіңірген орасан зор енбегі тілге тиск болтды. Көзіне жас алмаған жаң қазмады. Ең соңында Тоқап сойледі. Оған Ахметқалиның соғ бергісі келмеп еді, жұлдызының ортага шығып, айқай салды.

— Иттің ғана балалары! Есекемді олтірген сепдер! Барлығың жауызындар, шындықты айттың, пырыстың

жүрген кісілі қудалайсыңдар. Есекемді олтірдіңдер, енді мен қалдым. Мені де құрып жеңдер! — дес тізерлесін отыра кетті де, жейдесінің омырауын жыртын жіберді. Ахмет-қалида ес қалмады. Қубірлеп бір нәрсес деген болды. Оның озінен басқа ешкім түсінген икоқ. Тізерлеп озінен қарай жылыжып келе жатқап Тоқаипаш шошынын, шегіне-шегіне тоңтың ортасына сізіп кетті. Тоқан бір уыс топырақты қосып алды да, қалып жүртқа қарай шашып жіберді. Сонын Есениң қарттың қабірін құшақтаған, жылап қоя берді.

\* \* \*

Жіетісін бергеп соң Серік ауылдағы ағайып-туғашың қүншімен әкесінің басына үйдег әскерткіш-күмбез орнатты. Бірақ жаңын жеген уайымшаң құтыла алмай-ақ қойды. Әкесінің олімінен озі кішәлдей слідің бетінен қараудан қалды, еш сыңтауы болмаса да жұмысқа шықпады. Оны ешкім іздемеді де, тіпті шешесі келмей қойды. Ішін алыш, Мәризаны сабады. Бұл да жаңыша жұбаныш болмады. Құи саймын түсінде әкесін көреді, туындарымда шыңырып, шошың өниады. Соңғы кездे тым секемшил, үрейшіл болып алды. Жіайсын түс көрсө-ақ жамандықда жоруга дайын тұрады.

Кесіс түсінен Мәриза төркіншіне апарып тастаган Қанат кірген. Ұлышан біржола айрымын қалғапдай шошынын, қатты күйәелді. Тұн ішінде барып, Қанатты алыш қайтты. Ол ертеңінен әжесінен қашып кетті.

Сол күпі алапат нөсер жауды. Былдыққа бірінші рет күн күркіреп, пайзагай ойнады. Сол күні Серіктің жаңа үйінің ауласындағы электр желісі шатысын, оның үйінен шайзагай түсті.

Сол күні Берте қайтын оралын...



**М А З М У Н Ы**

**АҚҚУ САЗЫ**

**3**

**ЖЕДЕЛ ЖЭРДӨМ**

**73**

**ЖАЙ ТҮСКЕН ҮИ**

**159**

**Бакынж Мұнаев**

**БЕЛАЯ ПТИЦА**

**ПОВЕСТИ**

*(на казахском языке)*

Редакторы: М. Каналов, Н. Исабекова.

Реперзент Р. Нурдалиев.

Художник А. Баскеркеев.

Худож. редактор Е. Аканов.

Техн. редакторы:

К. Турышбетова, О. Пегнова.

Корректор Б. Батырбекова.

ИБ № 1497

Сдано в набор 22.10.79 г. Подписано  
к печать 11.06.80. УГ 14260. Формат  
 $64 \times 108\frac{1}{4}$ . Бумага тин. № 2. Гарнитура  
обыкновенного новал. Издать высокая. П.  
и. С.25. Усл. л. л. 10,5. Уч.-изд. л. 10,85.  
Тираж 30 000 экз. Заказ 2734. Цена 50  
коп. Издательство «Жайын». Государст-  
венного комитета Казахской ССР по де-  
лам издательств, полиграфии и книжной  
торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гага-  
рина, 83а. Полиграфкомбинат производ-  
ственного объединения полиграфических  
предприятий «КИТАП». Государственного  
комитета Казахской ССР по делам изда-  
тельств, полиграфии и книжной торгов-  
ли, 480042, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.